

**2004 жылғы 17 мамырдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан-қытай ынтымақтастық жөніндегі комитетін құру туралы келісімге толықтыру енгізу туралы хаттамаға қол қою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 31 тамыздағы № 517 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Қоса беріліп отырған 2004 жылғы 17 мамырдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан-қытай ынтымақтастық жөніндегі комитетін құру туралы келісімге толықтыру енгізу туралы хаттама мақұлданды.

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі **Ерлан Әбілфайызұлы Ыдырысовқа** Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан 2004 жылғы 17 мамырдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан-қытай ынтымақтастық жөніндегі комитетін құру туралы келісімге толықтыру енгізу туралы хаттамаға қол қойсын, оған қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат берілсін.

Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016  
жылғы 31 тамыздағы № 517 қаулысымен  
мақұлданған

Жоба

**2004 жылғы 17 мамырдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан-қытай ынтымақтастық жөніндегі комитетін құру туралы келісімге толықтыру енгізу туралы хаттама**

**(2016 жылғы 2 қыркүйекте күшіне енді - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2016 ж., № 6, 99-құжат)**

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі, 2004 жылғы 17 мамырдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан-қытай ынтымақтастық жөніндегі комитетін құру туралы келісімнің (бұдан әрі – Келісім) 7-бабының негізінде.

Келісімге мынадай толықтыру енгізуге келісті:

Келісімнің 11-бабы мынадай редакциядағы абзацпен толықтырылсын:

"2011 жылғы 22 ақпандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Траншекаралық өзендер суының сапасын қорғау туралы келісімге сәйкес құрылған Қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық жөніндегі Қазақстан-қытай комиссиясы Комитет құрамына кіреді және екі мемлекеттің қоршаған ортаны қорғау саласындағы тиісті мәселелеріне жауапты. Аталған комиссия Комитетке қол жеткізілген уағдаластықтар туралы баяндауға міндетті."

## **2-бап**

Осы Хаттама қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және Келісімнің қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін қолданылады.

201\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ (\_\_\_\_) қаласында әрқайсысы қазақ, қытай және орыс тілдерінде екі данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

*Қазақстан Республикасының  
Үкіметі үшін*

*Қытай Халық Республикасының  
Үкіметі үшін*